

Қазақстан Республикасы Конституциясы 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қаулы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 2000 жылғы 15 маусым N 8/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Конституциялық Кеңес Төрағасының міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қ.Дауылбаевтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында 2000 жылғы 2 маусымда келіп түскен Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы Н.І.Өкеевтің хабарламасын, өтініш субъектісінің өкілінің сөзін тыңдап және қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 92-бабының 4-тармағына сәйкес Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде қолданыла береді және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

Конституцияның К951000_ 92-бабының 1-тармағы конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап екі жыл ішінде қабылдануға тиіс деп, ал осы баптың 2-тармағы - Конституцияда аталған басқа заңдар Парламент анықтаған тәртіп пен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап кем дегенде екі жыл ішінде қабылдануға тиіс деп белгілеген.

Конституцияның аталған нормалары қолданылып жүрген заңдарды Республика Конституциясына сәйкес келтіру үшін уақытылық шектерді белгілейді. Конституция бұл ретте Конституцияның қабылданған күні (1995 жылғы 30 тамыз) мен оның күшіне енген күніне (1995 жылғы 5 қыркүйек) байланысты ұғымдарды шектейді. Осыны негізге ала отырып, қолданылып жүрген заңдар 1997 жылғы 30 тамызға дейін жаңа Конституциямен сәйкес келтірілуге тиіс. Конституциялық заңдар 1996 жылдың 5 қыркүйегіне дейін, ал Конституцияда аталған басқа заңдар 1997 жылдың 5 қыркүйегіне дейін қабылдануға немесе Конституцияға сәйкес келтірілуге тиіс.

Конституциядағы К951000_ "сәйкес келтіру" ережесі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілердегі Конституцияға қайшы нормаларды осы актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мұндай актілердің тұтастай немесе олардың жекелеген бөліктерінің күшін жою жолымен жою қажеттілігін білдіреді. Сонымен бірге

заңдарды Конституцияға сәйкес келтіру қажет болған жағдайларда Конституциядан туындайтын жаңа құқықтық актілерді қабылдауды да білдіреді.

92-баптың 1, 2, 4-тармақтарының өктемдік сипаты, жоғары заңи күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Конституция Парламентті, Республика Үкіметін, басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарды қолданылып жүрген заңдарды белгіленген мерзімде Конституцияға сәйкес келтіруді міндеттейді.

Қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға К951000_ сәйкес келтіру үшін Конституция белгілеген екі жылдық мерзім құқық шығармашылық қызметін жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Оны белгіленген мерзімде орындамау Конституция нормаларын бұзу болып табылады.

Ел Конституциясы К951000_ белгілеген екі жылдық мерзімде оған сәйкес келтірілмеген заң актілері мен басқа нормативтік құқықтық актілер Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады. Қолданылып жүрген заңдардың Конституцияға К951000_ сәйкес келтірілмеуі олар бірден күшін жояды деген сөз емес, өйткені екі жылдық мерзім өткеннен кейін олардың күші жойылатыны Конституцияның қаралып отырған бабында да, оның басқа нормаларында да көрсетілмеген.

Сонымен, Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде өзінің заңдық күшін сақтайды.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" У952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 37-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру тәртібімен, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 92-бабының 4-тармағын былай деп түсіну керек:

- Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс, бұл бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілердегі Конституцияға қайшы нормаларды осы актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мұндай актілердің тұтастай немесе олардың жекелеген бөліктерінің күшін жою, қажет болған жағдайларда Конституциядан туындайтын жаңа құқықтық актілерді қабылдау жолымен жоюға мүмкіндік береді;

- қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға сәйкес келтіру үшін Конституция

белгілеген екі жылдық мерзім құқық шығармашылық қызметін жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Оны белгіленген мерзімде орындамау Конституция К951000_ нормаларын бұзу болып табылады;

- Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оны конституциялық нормаларға сәйкес келтіргенге дейін өзінің заңдық күшін сақтайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес

осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға міндетті, түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасы Конституциясы

К951000_

73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескеріп, шағымдануға жатпайды.

3. Осы қаулы қазақ және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөз басылымдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңес
Төрағасының міндетін атқарушы

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.К.